

17 қыркүйек
Сейсенбі,
2024 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

Ойыл

ТӘРБИЕ ТӘЛІМНЕН БАСТАЛСА...

АҚКЕМЕРДІҢ 16 ТҰРҒЫНЫ ЖАҢА БАСПАНАЛАЫ БОЛДЫ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ТАПСЫРМАСЫНА СӨЙКЕС АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ОЙЫЛ АУДАНЫНДА КӨКТЕМГІ СУ ТАСҚЫНЫНДА БАСПАНАСЫНАН АЙЫРЫЛҒАН ТҰРҒЫНДАРҒА ЖАҢА ҮЙЛЕРДІҢ КІЛТТЕРІН ТАБЫСТАУ ЖАЛҒАСУДА. БҰҒАН ДЕЙІН КӨКТЕМГІ СУ ТАСҚЫНЫНДА ЗАРДАП ШЕККЕН АУДАН ОРТАЛЫҒЫ ОЙЫЛ, КЕМЕР, БЕСТАМАҚ ЖӘНЕ ҚАРАТАЛ АУЫЛДАРЫНДА 143 ҮЙ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛГЕН ЕДІ. 13 БАСПАНАНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ АЯҚТАЛУҒА ЖАҚЫН.



Ал Ақкемер ауылының 16 тұрғыны қоныстайын тойлады. 80 шаршы метрді құрайтын 3 бөлмелі баспаналар Eurasian Resources Group (ERG) құрылтайшы-акционерлері бөлген қаражатқа салынды. Бір үйдің құны – 28,5 млн. теңге. Құрылыс жұмыстарын «Hause Master Aktobe» мердігер компаниясы жүргізді.

Салтанатты шараға Ойыл ауданының әкімі Асқар Қазыбаев, ERG компаниясының өкілі, Ақтөбе феррокорытпа зауытының директоры Ержан Абдулабеков, мердігер мекеме басшылары қатысып, баспана иелерін жаңа қоныстарымен құттықтады. Сонымен қатар, «Suiprak» электроника сауда желісінің атынан тұрғын үй

иелеріне тұрмыстық техника сертификаттары табысталды. «ERG компаниясы су тасқынынан зардап шеккен аймақтарға біраз қаражат бөлді. Қиын-қыстау заманда қол қусырып қарап отырмай, біз де үлесімізді қосайық деп шештік. Міне, бүгінде сіздердің жаңа баспананың иегері атанғандарыңызды көріп,

тиісті жұмыстың нәтижесі деп бағамдап отырмыз. Ендігіде шаңырақтарыңыз әрдайым шаттыққа толы болсын», – деді ERG компаниясының өкілі Ержан Абдулабеков. Ойыл ауданы бойынша көктемгі су тасқыны кезінде 328 үй зардап шегіп, 21 үй қайта жөндеуден өтсе, тұрғындардың таңдауы бойынша екінші нарықтан 135 үй сатып алынған.

«Ауыл азаматтарына бүгінгі қуанышты күніміз ұзағынан болсын дегім келеді. Осыдан бірнеше ай бұрын ауылымызды су алып, қиналғанымыз есімізде. Мемлекет басшысы халыққа арнайы қолдау білдіріп, бізге өз жәрдемдеріңізді көрсетіп, қала типті үйлер салып бергендеріңізге аналық шексіз алғысымды білдіремін», – деп Ақкемер ауылының тұрғыны Жұмагүл Нұрғалиева қуанышымен бөлісті.

Жалпы, ауданда су тасқынынан кейінгі қалпына келтіру жұмыстары қарқынды. 172 тұрғын үйдің құрылысынан бөлек, инфрақұрылым мәселесі де қатар жүргізілуде. Жолдарды тиісті қалпына келтіру, бөгеттерді нығайту және Ойыл ауылына кіреберістері көпірді қайта құру жұмыстары жалғасып жатыр.



Аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен аудандық мәдениет үйінде «Баланың бас ұстазы ата-анасы» атты жалпы ата-аналар жиналысы өтті. Балалар құқығын қорғау және олардың қауіпсіз ортада өмір сүруін қамтамасыз етуді мақсат тұтқан жиынға аудан әкімі Асқар Қазыбаев, аудан прокуроры Ақеділ Үсенов, аудандық полиция бөлімінің бастығы Ардақ Қангелдин, аудандық аурухананың бас дәрігері Сәндібек Нұрбаевтар қатысып, ойларын ортаға салды. Алдымен «Жаңа оқу жылындағы оқушылардың тәрбиелеудің бірыңғай жүйесі туралы» аудандық білім бөлімінің бала құқығын қорғау бойынша бас маманы Гүлзат Жеткергенқызы баяндаса, «Кемелетке толмаған оқушылардың құқықтарының қорғалуы» жайлы аудан прокуроры Ақеділ Үсенов баяндама жасады. Аудандық полиция бөлімінің бастығы Ардақ Қангел-

дин «Кемелетке толмағандардың арасындағы құқықбұзушылықтың алдын-алу жұмыстары мен қазіргі ахуал туралы» айтып, соңғы кездері белең алған кибербуллингтің алдын-алу мақсатында ата-аналар назарына бірнеше бейнеролик ұсынды. Аудандық аурухананың бас дәрігері Сәндібек Нұрбаев бүгінгі таңдағы балалар арасындағы аурушандық туралы мәліметтерді ұсынса, дәрігер-гинеколог Жазира Садуақасова мен эпидемиолог Жұлдыз Молдашқалиқызы қазіргі кездегі жасөспірімдер мен балалар арасында қауіпті індеттерге жол бермеу үшін оның алдын-алу мақсатындағы ағарту жұмыстары туралы, сонымен қатар вакциналардың тиімділігі туралы түсіндірді. Ата-аналар тарапынан бүгінгі күнгі өзекті мәселелерге орай бірнеше сауалдар қойылып, сала мамандары мен аудан басшысы жауап берді.

ХАБАРЛАНДЫРУ!

ҚҰРМЕТТІ ЕКПЕТАЛ АУЫЛЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!
2024 жылдың 16 қазан күні сағат 15.00-де Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ойыл ауылы Көкжар көшесі № 69 мекен-жайында орналасқан кеңсе ғимаратында Ойыл ауылдық округі бойынша жергілікті қоғамдастық жиыны өтеді.
Күн тәртібіндегі мәселе:
«Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы әкімшілік – аумақтық құрылыс туралы заңының 11 және 14 баптарына сүйене отырып Екпептал ауылын тарату туралы қоғамдық тыңдалым өтеді.
«Ойыл ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ

БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІНЕ БАРЛЫҒЫ ДА ЖАУАПТЫ

АУДАН ӘКІМДІГІ ҒИМАРАТЫНДА АУДАНДЫҚ ПРОКУРАТУРАНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҢ АЛДЫН-АЛУ БОЙЫНША ЖИЙН ӨТТІ. ЖИЙНҒА АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВ, АУДАН ПРОКУРОРЫ АҚЕДІЛ ҮСЕНОВ, АУДАНДЫҚ ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІНІҢ БАСТЫҒЫ АРДАҚ ҚАНГЕЛДИН, АУДАНДЫҚ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ БАСШЫСЫ СВЕТАНА ҚАРАБАЛИНА АУДАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ БАСШЫЛАРЫ, КОЛЛЕДЖ ЖӘНЕ СПОРТ МЕКТЕБІНІҢ ДИРЕКТОРЛАРЫ МЕН МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ БАСШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСІП, ӨЗЕКТІ МӨСЕЛЕЛЕРДІ ТАЛҚЫЛАДЫ.



Кездесудің күн тәртібінде алдымен аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев «Аудан әкімі жанындағы көмелтеке толмағандардың істері жөніндегі комиссияның жұмысы туралы» баяндаса, «Білім беру ұйымдарындағы оқушыларға тәрбие беру мәселесі туралы» аудандық білім бөлімінің басшысы Светлана Қарабалина тоқталып өтті. Басқосуда балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері және абаттандыру сұрақтары қойылды.

Сондай-ақ, білім беру мекемелерінің директорлары көгалдандыру және тұрақ аймақтарын реттеу жайында мәселелерді қозғады. Мектептен тыс балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесіне де ерекше назар аударылды. Қазіргі кезде аудандағы өзекті мәселенің бірі саналатын жастар арасындағы топтық төбелес те назардан тыс қалмады. Аудандық полиция бөлімінің бастығы жасөспірімдердің скутер мен электр-

мопедтерді басқаруы қазіргі басты мәселердің бірі болып отырғанын, ол үшін арнайы шаралар қолданып жатқандығын жеткізді. Асқар Қайырғалиұлы барлық мұғалімдер, сынып жетекшілері, мектеп инспекторлары мен тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлар ата-аналармен бірлесіп мектептен тыс уақытта балалардың жүріс-тұрысына, беймезгіл уақыттарда көшеде ретсіз жүрмеуін қадағалауды тапсырды.

ГАБАЙҚЫЗЫ

АЭС САЛУ - ТӘУЕЛСІЗДІКТІ НЫҒАЙТУ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ «ӨДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН: ЗАҢ МЕН ТӨРТІП, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ, ҚОҒАМДЫҚ ОПТИМИЗМ» АТТЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫНДА ҚАЗІРГІ ӨЛЕМДЕ ЭНЕРГИЯ ТАПШЫЛЫҒЫНЫҢ КҮШЕЙІП БАРА ЖАТҚАНЫН ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП, АТОМ ЭНЕРГЕТИКАСЫН ДАМУҒА БАСА МӨН БЕРУ КЕРЕКТІГІНЕ ТОҚТАЛЫП ӨТКЕН БОЛАТЫН. ОЛ ЕЛІМІЗДІҢ БОЛАШАҒЫНЫҢ ҚАМЫ ҮШІН САЛЫНАТЫН АТОМ ЭЛЕКТР СТАНСАСЫ ТУРАЛЫ БАРЫНША БАЙЫПТЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ ҮШІН ЖҰРТШЫЛЫҚПЕН БІРЛЕСІП ҚАНА ЖАСАЛУҒА ТИІС ДЕДІ.

Осы орайда аудандық мәдениет үйінде АЭС салуды қолдау жөніндегі Ойыл аудандық халықтық штаб мүшелері аудан тұрғындарымен кездесті. Ауыл тұрғындарымен әңгімелесу барысында штаб мүшелері атом энергиясын пайдалану мен салудың артықшылығы туралы айтты. АЭС салу – еліміздің энергетикалық тәуелсіздігі мен қауіпсіздігінің кепілі екенін айрықша атап өтті.

«Қазіргі уақытта Қазақстанда электр энергиясының тапшылығы бар, осы уақытқа дейін оны көрші елдерден импорттауға мәжбүр. АЭС құрылысы бұл мәселені шешіп, елдің энергетикалық тәуелсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған», – деп атап өтті штаб төрағасы, «AMANAT» партиясы Ойыл аудандық филиалының атқарушы хатшысы Еркін Жиеналин.

Ол озық елдердің тәжірибесін мысалға келтірді. Қазір өлем бойынша 415 ядролық реактор жұмыс жасап тұр. Тағы 60 реактордың құрылысы жүріп жатыр. Ең көбі АҚШ-та, Францияда, Қытайда, Ресейде, Оңтүстік Кореяда, Жапонияда



орналасқан. Атом электр станциялары 60-100 жылға дейін жұмыс жасауға қауқарлы. Ауданымызды электр энергиясымен қамтамасыз етіп отырған «Ақтөбе Энерго жүйесі» мекемесінің өкілі Қосым Абдуллин аудан бойынша электр энергиясын тұтыну көлемі, шығындар, қуат көздерінің қайдан тасымалданыны жөнінде мәлімет берсе, кеңес кезеңінің «Еңбегі сіңген энергетигі» Биғали Ахметов

ақсақал жаңа дәуірдің сұраңысынан қалыптасып отырған балама энергия көздері - атом энергиясын пайдалану жөніндегі бастаманы құптап сөйледі. Жыынды қорытындылаған штаб мүшелері 6 қазанда өтетін атом электр стансасын салу бойынша референдумға қатысып, алдағы жылдардағы ел тағдырын айқындайтын маңызды шешім қабылдауға шақырды.

ҚУАНДЫҚ ТҮМЕНБАЙ

Шиелінің қан базарының қақ ортасы қашан да қарбалас. Басыңды бір сұқсаң қайтып шығуың қиын-ақ. Киім-кешек сататын жердің жәрмеңкесі бір ғанибет – кәстемін бел ағаштың бөртпешегіне іле сап, бір аяқтап тұрып, шалбарының ұзындығын өлшеген біреуді көресің. Егер балағы ұзын болса, бормен сызып белгі қойып, көзді ашып-жұмғанша өткір қайшымен қырт еткізіп кесіп тастап жатады. Бұны көру де бала көңіл үшін көз қызықтырар бір ғанибет. Қара қағазбен қоршалған тар түкпірде әредік әйелдердің бұлт-бұлт еткен жалаңаш денесі мен қыздардың сүйріктей сұлу тұлғасы көзге шалынып қалады. Бұлар – шешініп тастап көйлек өлшеген төмен етекпілер. Ересек еркек кіндіктілер болса, солай қарай мойнын созып, аузын ашып қарағыштап өтеді. Өнебір бұрышта жеміс-жидек сатылып жатыр. Теңкіген сары қауын тұмсығы Көкке қарай пұл болар сәтін күтіп тұр, Сыр топырағының дөмі тіл үйірген жас өскіні – баланың басындай әңгелек, күләбі мен торлама, қызыл қауын мен баспалды, галымдар ойлап тапқан жаңа тұқым – мұзжарғыш кемедей үп-үшкір «торпедо» тізіліп, қауын базардың шырайын шығарып-ақ тұр. Мына жердегі топ-томпақ асқабаққа қарасаң күлкің келеді, біздің сыныптағы ұртын толтырып сөйлейтін Асанбайдан аумайды, қыздардың басындағы дөңгелек тақияға да ұқсайды, тек сорайған үкісі жоқ. Бірақ, асқабақ та шалқасынан шөніп тегін жатқан жоқ, қауыннан кейінгі орынды иемденіп, әркімге әмиянын ашқызып, пұл боп жатыр. Ал, өнебір жерде жіңішке жіппен қылқындыра буылған көк пияз үюлі тұр. Бұл да биылғы жылдың жемісі. Жас өскінің бәрі жаналық қой, жұрт бұрылып көтпей ашы-тұшы жасауға қол сөмкесіне бір бау пияз сап көтіп жатыр.

Қан базарды кесіп өтер жалғыз аяқ жол бар, сол жақтан жаңа түскен жапаның иісі шығады – бұл ауыл баласының мұрнын қытықтар жағамды кеуі. Сиырдың тақиясы әбден иіспі, қиға айналып, ошақта лапылдап жанғанда ирелендеген түтін иісі жан сарайыңды ашып, көкірегің бір демалып қалады. Зеңгі баба түлігінің жапасы жерге түсісімен шешеміз алақанымен мөпелей ұстап, жан-жағын әспеттеп, төрт-бұрыштап қоятын. Сөйтсек ол ертеңгі маздап жанатын отын екен. Өнебір торлы қоршауда қой құмалағы шашылып жатыр. Көктерлі қара қой жүрген жолды көтере алмай тірсегі майысып тұрып, шашылған дөңдей ғып құмалақты ытқытып-ытқытып жібереді. Бұл жер – мал базар. Анда-санда бас жібін бөтен біреу ұстағанда бұзауын қимай бір мөңіреп қалған Зеңгі баба иесінің даусы естіледі. Қозы мен лақтың шырқыраған үні де шығады. Түске таман адам да, мал да шаршап, қағаз ақша ризалықпен қолдан қолға өте бастайды. Осылайша базар саудасы бабына келеді.

Мені еліктіретін ерекше көрініс – қан базардың кіре берісіндегі бір түзуге тізіліп отырып көріс кемпірлер сатқан шемішке. Үстеріндегі көнетоз киім-кешектері кір сабынмен жаңа жуғандай тап-таза. Алдарындағы қалайы көрсен асып-төгілген үшкір тұмсық шемішке. Көрсеннің үстіндегі кішкентай қырлы стакан толы шемішкенің бағасы – 5 тиын, үлкені

ШЕМІШКЕ

(Әңгіме)

– 10 тиын. Қасында газеттен бүктеп жасалған қағаз қалта үюлі жатыр. Сырты қалың болғасын ба, «Правда» мен «Известиядан» жасалған қалта шүпірлеп тұр. Арадікід аудандық «Өскен өңір» газеті де кездесіп қалады, іші – шемішке, сырты – аудан өмірінен жазылған қысқа хабарлар. Шемішке деген бір тәтті нәрсе. Аудан орталығына келген бала-шаға бір стакан шемішке алмай қайтпайды. Апта сайын екі шақырым жердегі моншаға келеміз. Сағат сайын жүретін автобусты күтпестен 10 тиынға үлкен стакан шемішке алып, топ бала әңгімелесіп жаяу қайтамыз. Бұл бір рахат дүние. Шемішке шағудың да тәсілі бар. Шырт еткізіп шағып, қабығын қолға жинап ап бір жерге апарып тастай саласың. Қыздар көбіне осылай шағады, олар балдарға қарағанда ұқыпты. Олар қабықты жерге бей-берекет тастай салмай алақанына жинап, жол жиегіне өйтпесе ілуде бір кездесіп қалар қоқыс салғышқа тастайды. Біз болсақ, шыр еткіземіз де, қабықты көрінген жерге түкіріп тастаймыз. Көнбіс Жер-Ана бәрін де көтереді. Кейде алыстан лақтырып, ауызбен қағып ап жарысамыз. Дән таңдайға тигенде өмір деген керемет тәтті боп кетеді. Қабығы бір ездуден ытқып шығып, шашылып қалып жатады, қала көшелеріндегідей. «Тазалық – денсаулық кепілі» деген жазу ілулі тұрған жоқ, сондықтан бізге бәрібір. Ал, енді «бір жақсылықтың бір жамандығы бар» дегендей, шемішкенің қабығына қақалғаннан жаман нәрсе жоқ. Бұны мен де басымнан өткердім – қабық не әрі, не бері кетпей дем ала алмай қалдым, шемішке қанша тәтті болғанмен өмірдің онан да тәтті екенін сонда ғана білдім. Балдар еңкейіп қойып арқамнан ұрып, қара қабық әрең дегенде ытқып жерге түсті. «Сопы» Серікболдың ажалы шемішкенен болды. Бізге еліктеп, алыстан лақтырып шағамын деп, қолы ебедейсіз ербездеткен күйі серейіп қалды. Өуелі ала тақиясы жерге ұшып түсті. Қабығы аршылмаған шемішке топ-томпақ боп тамағына тұрып қалыпты. Сол күйі демала алмай қолы ербездеп, сұлқ түсті. «Біреудің ажалы оттан, біреудікі судан» деген осы. Басынан тақиясы түспейтін қожа баласы – «сопы» Серікболдың ажалы шемішкенен келді.

Сыр бойына күріш егуді жиырмасыншы ғасыр – отызыншы жылдардың аяғында Кореядан жер алып келген көрістер үйретіпті. Шемішке де солармен бірге келіпті. Сап-сары боп Күнге қарап иіліп тұрған күнбағыс – есік алдының көркі. Бірақ, тек көрістер егеді, қазақтар солардан сатып алады, өздері егуді білмейді, шемішке шағып отырып көрістерді «Бейнетке жаратылған халық қой» деп мақтайды да, шемішкесі таусылғасын «Отырыстарын қарашы, 5 тиын үшін күн батқанша базарды қарауылдап» деп сөз қылады. Мұндай күбір-сыбырға қарсымын. Одан да менің атам сияқты белі бүгіліп кетпен шаппай ма? Шемішкені ақша шығындап сатып алғанша өздері неге екпейді. Бұл – біздің ауыл үшін ұят тірлік

екен. Қауынның қасында сорайып шемішке тұрса жұрт күлетін көрінеді. Оның несі дүндүк «Өскен өңір» газеті де кездесіп қалады, іші – шемішке, сырты – аудан өмірінен жазылған қысқа хабарлар. Шемішке деген бір тәтті нәрсе. Аудан орталығына келген бала-шаға бір стакан шемішке алмай қайтпайды. Апта сайын екі шақырым жердегі моншаға келеміз. Сағат сайын жүретін автобусты күтпестен 10 тиынға үлкен стакан шемішке алып, топ бала әңгімелесіп жаяу қайтамыз. Бұл бір рахат дүние. Шемішке шағудың да тәсілі бар. Шырт еткізіп шағып, қабығын қолға жинап ап бір жерге апарып тастай саласың. Қыздар көбіне осылай шағады, олар балдарға қарағанда ұқыпты. Олар қабықты жерге бей-берекет тастай салмай алақанына жинап, жол жиегіне өйтпесе ілуде бір кездесіп қалар қоқыс салғышқа тастайды. Біз болсақ, шыр еткіземіз де, қабықты көрінген жерге түкіріп тастаймыз. Көнбіс Жер-Ана бәрін де көтереді. Кейде алыстан лақтырып, ауызбен қағып ап жарысамыз. Дән таңдайға тигенде өмір деген керемет тәтті боп кетеді. Қабығы бір ездуден ытқып шығып, шашылып қалып жатады, қала көшелеріндегідей. «Тазалық – денсаулық кепілі» деген жазу ілулі тұрған жоқ, сондықтан бізге бәрібір. Ал, енді «бір жақсылықтың бір жамандығы бар» дегендей, шемішкенің қабығына қақалғаннан жаман нәрсе жоқ. Бұны мен де басымнан өткердім – қабық не әрі, не бері кетпей дем ала алмай қалдым, шемішке қанша тәтті болғанмен өмірдің онан да тәтті екенін сонда ғана білдім. Балдар еңкейіп қойып арқамнан ұрып, қара қабық әрең дегенде ытқып жерге түсті. «Сопы» Серікболдың ажалы шемішкенен болды. Бізге еліктеп, алыстан лақтырып шағамын деп, қолы ебедейсіз ербездеткен күйі серейіп қалды. Өуелі ала тақиясы жерге ұшып түсті. Қабығы аршылмаған шемішке топ-томпақ боп тамағына тұрып қалыпты. Сол күйі демала алмай қолы ербездеп, сұлқ түсті. «Біреудің ажалы оттан, біреудікі судан» деген осы. Басынан тақиясы түспейтін қожа баласы – «сопы» Серікболдың ажалы шемішкенен келді.

Сыр бойына күріш егуді жиырмасыншы ғасыр – отызыншы жылдардың аяғында Кореядан жер алып келген көрістер үйретіпті. Шемішке де солармен бірге келіпті. Сап-сары боп Күнге қарап иіліп тұрған күнбағыс – есік алдының көркі. Бірақ, тек көрістер егеді, қазақтар солардан сатып алады, өздері егуді білмейді, шемішке шағып отырып көрістерді «Бейнетке жаратылған халық қой» деп мақтайды да, шемішкесі таусылғасын «Отырыстарын қарашы, 5 тиын үшін күн батқанша базарды қарауылдап» деп сөз қылады. Мұндай күбір-сыбырға қарсымын. Одан да менің атам сияқты белі бүгіліп кетпен шаппай ма? Шемішкені ақша шығындап сатып алғанша өздері неге екпейді. Бұл – біздің ауыл үшін ұят тірлік

еңкірлерімізден салыстыра бастадым. Ботакез, Кұлпаш, Шұға... Олар он үшінде отау иесі болған қыздар. Балдар мені «қияли» дейді, осы қиялилықтың басыма бөле болды, көп жерде кедергі де келтіріп жүр. Ол қуана күлімсіреп жерге ытқып түсті еді, бетімнен шөп-шөп еткізіп екі рет сүйіп алды. «Ешкім көрген жоқ па екен? Ол ешкімнен де ұялған жоқ, түбі мұсылман емес қой, қазақтың қызы болса өтірік болса да сызылып тұрар еді. Қазақтан өткен ибалы әрі ынжық халық жоқ шығар. Өйтеуір ауылдан ешкім көрмес болды, «көріс колхоздың» автобусының қасында тұрғанымыз қандай жақсы болды. Олар бізге қарағанда кетпенге жақын. Кетпендері үшбұрыш, кішкентай болғанмен, өздері майда сөзге жоқ. Төзімді-ақ, Еңбекке адал. Біз үшін шемішке сатып отыру өліммен тең нәрсе болса, олар үшін еңбектің жемісі. Жарайды, не болса соны ойлап, басымды қатырмаймын.

- Хал қалай? Мұнда неғып жүрсің, - деді Фрося жүзі жаддырап.

- Сені кездесіп қала ма деп тұр едім. Кездескенің қандай жақсы болды.

- Жүр, - деп қолымнан ұстап, қан базардың қақ ортасына қарай жүрді.

- Қайда барамыз?

- Жүр. Қыз болғасын ба, пысық-ақ, өйтпесе екеуіміз құрдаспыз ғой.

- Галымен хабарласып тұрасың ба? – деді бетіме үңіле қарап.

- Қайдағы Галы?

- Сен... соны жақсы көруші едің ғой, - дегенде біртүрлі кемсеңдеп кетті.

- Олай емес, - деп қалт тұра қалдым. – Фрося, олай емес. Ол мені саусағымнан ұстап, орнымнан қозғады. Тізіліп шемішке сатқан көріс кемпірлердің қасына әкеліп, өзіне ұқсатқан кемпірге өз тілдерінде бір-екі ауыз сөз айтты. Көріс кемпір басын ізеп, үйілген

қағаз қалтаға қолын созбастан сұқ саусағын бүгіп, мені өзіне таман шақырды да, үлкен қырлы стакан шемішкені шалбарымның оң қалтасына лақ еткізіп төңкере салды. Сосын бетіме тура қарап сәл күлімсіреді. Фрося саусағымнан ұстап кері тартты. «Рахмет!» деп те айта алмадым, артыма бұрылып басымды ізедім. Көріс кемпір көзі сығырайып, күлімсіреп қарап отыр екен.

- Ол менің әжем. Маған ұқсай ма? – деді Фрося.

- Айнымайды. Мен жаңа шемішке алғанда саған қатты ұқсаттым. Сен жаңа әжеңе не дедің?

- Менің пионер лагерінде бірге болған досым, дедім.

- Иә, әуелі пионер, сосын лагерь деген сөз шықты аузыңнан.

- Бұл екеуіміздің соңғы кездесуіміз... - Неге соңғы? Келесі жылы да лагерьге бармаймыз ба?

- Мен бармаймын. Галыға сөлем айт, - деп есігі жабылып, дөңгелегі қозғала бастаған автобусқа қол бұлғай жүгірді. Ол кетті, мен жалғыз қалдым. Ерегіскенде енді ауылға жаяу тартамын. Шалбарымның оң қалтасы томпылып тұр, өйткені аузы-мұрнынан шыққан шемішке. Соны біртіндеп шағып барамын. Алыстан лақтырып, аузыммен қағып алып, жерге түсірмей шағамын. Ажалым жетсе қақалып өлермін, Фрося үшін жан пиди. Сол Галы деген қыз басыма бөле болды, «күрістің арқасында күрмек су ішіп...». Өкемнің тәрбиесінен де бар. Тоқ етері – өзімнің табанымның бұры жоқ. Өйтпесе Фрося кім, Галы кім?

Ауылға алып барар тас жолға түстім. Тас жол деген аты – төселген қиыршық тас туфллиімнің үшкір тұмсығы тисе болды жан-жаққа шашырап ұшып жатыр. Шалбардың балағы қою шаңға малынып, оң қалтам салбырап тұр, ауылға жеткенше шемішкем таусылып, шалбарым сидам денеме жабысып, бұтым бұт боп орнына келер. Өр шемішкені шыр еткізіп шаққан сайын лагерьдегі әрбір күн көз алдыма елестеп, жүрегімді шым еткізеді. Бұл өзі халық «Көд-рекеп» деп атап кеткен қалың шемішке мекен. Сәкен Сейфуллиннің «Бандыны қуған Хамитындағы Кудря бауы – птонер лагері. Күнде ақ көйлек, қара шалбар киіп, қызыл галстук байлап, ертеңгілік жиынға сап түзейміз. Мен үрлеп горн тартам, өйткені әуенге жаным құмар. Кез-келген әуенді ысқырып, әнге қосып жүрем. Барабанды шешен бала Уақит ұрып тұрады. Ол бір нәрсені тартып отырады, әуен, әуеннен гөрі даңғырағы басым бала. Екеуіміз доспыз, екеуіміз таңертең пионер лагерінің көркіміз. Төрт дружина төрт бұрыш боп сап түзейді. Біздің дружинаны Фрося басқарады. Қазақшаға да, орысшаға да тілі жатық. Тағы бір дружинаны Галы Тайманова басқарады. Ол – аудандық оқу бөлімі бастығының қызы. Түсі суық, кісіге мұрнын шүйіре қарайды. Әкесі бастық болғасын ба, анау-мынауы менсіңберді. Бір күні лагерьде концерт қоятын болдық. Концертті біздің дружина бастады. Фрося әнді осындай бабымен айтады екен, әуелі «Мой адрес – Советский Союзды» ерек-

ше өкілмен, сосын өз тілінде көрісше бір ән шырқады. Жұрт қол шапалақтап қоймаған соң «Куда уходит детство» деген тағы бір әнді шырқады. Сөзін түсінбесем де, ән мұңлылау көрінді. Мен таңқалып, ескерткіштей селт тұрып қалыппын. Галы қабағын түйіп, шала қазақшасымен «Жетісіп қапты» деді. Өзі аудан орталығындағы Пушкин есімімен аталатын орыс мектебінде оқиды, орысша сөйлейді, қазақшасы жетісіп тұрған жоқ. Кезек маған да келді, Қастек Баянбаев деген ақынның өлеңін жатқа оқыдым. Өлі күнге ұмытқан жоқпын. Міне, былай: – Мынау ғарыш ғасырының ұлымын, Ілесуге жетсе, бірақ білігім. Болмасам да әріптесі, Қандасы, Гагаринге мен рухани інімін. Ерлігімен таңырқатқан заманын, Бәріміздің сүйіктіміз Гагарин. Қаршадайдан тындап өскен мен ұқсап, «Совинформбюроның» әр хабарынан. Қуанатын, Қыңжылатын ол да адам, Даңқ жұлдызы тегін келіп қонбаған. Біз партия мүшесіміз екеуіміз, Мен ұқсаймын Гагаринге, Ол маған, - деп бір қайырдым да, қайта жалғастырдым. – Ғасырымың алғаш ашқан қабағын, Ленинге мың табына қарадым. Бір жағынан болсам оған замандас, Бір жағынан ол – әке, Мен – баламын. Талқандаған жаудың түнек қамалын, Мен Талғатты туысыма баладым. Ұлы диқан Жақаевқа інімін, Шахматшы Карповқа мен ағамын, - деп аяқтап, орныма кеп тұрғанда Фрося құлағыма сыбырлап, «Жарайсың!» - деді. Біздің дружина бірінші орын алды. Ол кезде жұлделі орын алу мәртебе еді, алдық 1-ші орынды. Галының қабағы ашылмады, оның дружинасы 2-ші орын алды. Ол сол күні үн-түңсіз үйіне кетіп қалып, бір күннен кейін қайта оралды. Сол концерт болған күні кешке лагерь түбінде толып аққан дәу арнаға армансыз суға түстік. Біздің бұттымызда делендеген қара түрсік, қыздар болса, кеудесін шүберек анарқаппен жауып, бір тұтам қарлығаш-лыпа киіпті. Бұрын мұндайды көрмеген мен бәріне көз алмай қарадым. Өсіресе, Фросяның сидам денесі, томпылап тұрған анарқап шүберегі мен бір тұтам қарлығаш-лыпасы сондай сұлу көрінеді. Денесінде артық ет жоқ, әбден күнге күйген. Көріс қыздар жаз күндері тынбай кетпен шабады деп еститін-біз, сол рас-ау деймін, денесін әбден күн жалап, жылтыратып жіберген. Ол суда мойнына дейін малынып отыр еді, шлюз үстінен үңіліп тұрған мені адуын Уақит итеріп жіберді. Оның да осындай шешендігі қалмайды, Фросяның дәл үстіне етбетімнен түстім. Ол мені құшағын жайып тұрып қайтып алған секілді – көкірегіне қысып қатты құшақтап, өзіне тартты. Сосын құлағыма сыбырлады – «Бүгін бәрі ұйықтағасын сағат 11-де есік алдына шық». «Неге?» деймін ағын суға қақалып-шашалып. Ол үнсіз күлімсіреп қарап тұра берді. Жүрегім алып-ұшты. Ел жатса да мен жатпадым. Қыз-қатар керуееттегілер бірі пысықлап, бірі қорылдап, әдеттегідей «хор» басталды. (Басы. Жалғасы келесі санда)

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Ойыл

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
 Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
 Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
 Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1207 дана. Тапсырыс 1186 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

«ЖАС ОТБАСЫ - 2024»

ОБЛЫСТЫҚ БАЙҚАУЫН ДА ОЙЫЛДЫҚ ОТБАСЫ ОЗА ШАПТЫ



Ақтөбе қалалық мәдениет үйінде «Отбасы күні» мерекесіне арналған «Жас отбасы - 2024» облыстық байқауы өтті. Жастар арасында отбасылық құндылықтарды дәріптеу, ата-аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру, балалардың қарт ата-аналарға қамқорлығын күшейту мақсатында өткен байқауға ауданымыздан Әйтеке - Әйгерім Хамитовтар отбасы қатысып, өз өнерлерін көрсетті. Байқау қорытындысы бойынша Хамитовтер отбасы бас жүлдені иеленіп, диплом мен ақшалай сертификат табыс етілді.

АУДАНЫҚ МАНСАП ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН СЕМИНАР ӨТТІ

Өткен апта «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығында аудандық мансап орталығының ұйымдастыруымен мекемелердің әлеуметтік салаға жауапты мамандарына семинар өткізілді. Семинарға аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев, аудандық Мансап орталығының басшысы Дәурен Бисебаев, аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Сәндібек Дәулетқалиев қатысты. Семинар барысында мансап орталығының мамандары 2024 жылға аудан бойынша бекітілген жоспарды, жастар тәжірибесі, алғашқы жұмыс орны, қысқа мерзімді кәсіптік оқыту және тағы да басқа қызметтер туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Сондай-ақ, Enbek.kz платформасында бос жұмыс орнын құру, жұмыс



орындарына өтінім беру және электронды еңбек шарттарын жасау бойынша мәліметтер берілді. Семинарға қатысушы қызметкерлер жұмыс бары-

сында кездесетін жағдайларды талқылап, мансап орталығының мамандары тарапынан көптеген сұрақтарға жауап алды.

«АУЫСПАЛЫ КУБОК» ФУТБОЛДАН АУДАНЫҚ БІРІНШІЛІК ӨТТІ



13-14 қыркүйек күндері аудан орталығында аудан әкімінің жүлдесіне арналған «Ауыспалы кубок» шағын футболдан аудандық біріншілік ұйымдастырылды. Жарыстың ашылу салтанатына аудан

әкімі Асқар Қазыбаев спорт ардагері Рақым Қарабалиев қатынасып, жарыс жолының шымылдығын ашып, спортшыларға сәттілік тіледі. Жарысқа 9 команда бақ сынады. Атап айтсақ аудан әкімдігі,

аудандық аурухана, полиция бөлімі, газ мекемесі, өрт сөндіру бөлімі, Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебі, Ж.Жүсібаев атындағы қазақ орта мектебі, Ойыл қазақ орта мектебі, Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясы қызметкерлері қатынасты. Жарыс өте тартысты өтіп, ақтық ойын көрермендер көңілінен шықты. Жарыс нәтижесінде III орын Ж. Жүсібаев атындағы Ойыл қазақ орта мектебі, II орын Ойыл қазақ орта мектебі, I орын Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебі жеңімпаз атанып, «Ауыспалы кубокке» ие болды. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге мадақтама қағаз және медаль табыс етілді.

„МЫҚТЫ ОТБАСЫ- МЫҚТЫ МЕМЛЕКЕТТІҢ КЕПІЛІ“

ОТБАСЫ КҮНІ МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ ӨТКЕН БЕЙСЕНБІ «МЫҚТЫ ОТБАСЫ- МЫҚТЫ МЕМЛЕКЕТТІҢ КЕПІЛІ» АТТЫ МЕРЕЙТОЙ ИЕЛЕРІН ҚҰТТЫҚТАУ КЕШІ ӨТТІ. АУДАНЫМЫЗДА СЕНІМ МЕН СЫЙЛАСТЫҒЫ ҰЯЛАҒАН ОТБАСЫЛАР МЕН ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫН ЖАЛҒАСТЫРЫП ОТЫРҒАН ӨНЕГЕЛІ, ӨНЕРЛІ, БІР САЛАДА ЕҢБЕК ЕТІП ЖҮРГЕН ОТБАСЫЛАРЫМЕН, ҚОҒАМДЫҚ ЖҰМЫСҚА БЕЛСЕНЕ АРАЛАСЫП, ҰРПАҚ ТӨРБИЕСІНЕ СУБЕЛІ ҮЛЕС ҚОСЫП ЖҮРГЕН АТАЛАРЫМЫЗ БЕН ӘЖЕЛЕРІМІЗ ЖӘНЕ ОТАСҚАН МЕРЕЙТОЙ ИЕЛЕРІ БАС ҚОСТЫ.

Кеш барысында үлкен әулеттің әке мен аналары жас отбасыларға өмір жолдарынан сыр ақтарып, өнегелі сұхбат өрбітті. Отбасын нығайту мен дәстүрлерді сақтау мемлекетіміздің құнды кепілі. Сондықтан біз отбасы мерейін үстем етіп, құндылығын арттыруымыз қажет. Ұлтын, мемлекетін сүйетін ұрпақ тәрбиелейтін отбасы егеменді еліміздің болашағын биікке көтеруге атсалысады. Еңбек жолында қызметте жүріп, бірге өсіп өркендеп келе жатқан бірқатар жас отбасылар жұптық вальстерін биледі. Ауданымыздың мәдениет үйінің отбасылық өнерпаздары әсем әуендерін жиналған жұртқа тарту етті. Отанымыздың түп тамыры отбасын дәріптеуге, насихаттауға қосқан үлесі үшін 5,10, 15,20,25,30,35,40,45,50,55,64 жыл отасқан мерейтой иелеріне аудан әкімі Асқар Қазыбаев құттықтау хаттарын табыстап, мерекелік құттықтау сөз сөйледі. Мерекелік шараның ерекшелі-



гі атау құрғандарына 50 жыл толған «Алтын той» иелері Аманғосовтар отбасына, 25 жыл толған «Күміс той» иелері Арыстановтар мен Әділхановтар отбасыларына салтанатты түрде мерейтойлық неке куәліктері арнайы рәсіммен табысталып, мерекелік шараның көркін келтірді. Сонымен қатар «Алтын той» иелері Аманғосовтар отба-

сына аудандық мәслихат төрағасы Сәкен Займолдиннің құттықтау хаты мен естелік сыйлықтары табысталса, 25 жыл отасқан «Күміс той» иелері Арыстанов және Әділхановтар отбасыларына «AMANAT» партиясы Ойыл аудандық филиалының атқарушы хатшысы Еркін Жиеналиннің құттықтау хаты мен естелік сыйлықтары табысталды.

АДАЛ АЗАМАТ - АДАЛ ЕҢБЕК

ГҮЛФИЯНЫҢ ГҮЛДЕРІ

ҚАЛАДАҒЫ АУДАНЫҚ ОТБАСЫЛАР «ӘТҮРӘСІ»

ҚАЙ МЕРЕКЕДЕ БОЛМАСЫН, ӨРТҮРЛІ ІС-ШАРАЛАРДА ГҮЛ ІЗДЕП КЕТЕТІНІМІЗ АНЫҚ. ЖАС КӘСІПКЕР ГҮЛФИЯ ШОҚ ГҮЛДЕРДІ ҚАЛАҒА САБЫЛМАЙ-АҚ АУДАНЫМЫЗДАН САТЫП АЛУҒА МҮМКІНДІК ЖАСАП ОТЫР.



Гүл сату кәсібі табысты, әрі тәуекелі көп сала екені белгілі. Ауданда алғашқылардың бірі болып гүл сататын дүкен ашқан Гүлфия Мырзағұлованың сөзінше, гүлдерге деген тапсырыс әркезде өртүрлі болады. «Қазір гүлге сұраныс қатты қарқынды деп айта алмаймын. Жаймен-жаймен келе жатыр. Бірақ, шүкір, дүкен гүл сатып алушылардан кенде емес. «Москва бірден салынбады деген» бар ғой (күліп). Сұраныс бар жалпы», - деді ол. Гүлфияның гүл дүкенін ашқанына үш жылдай уақыт болған. Мамандығын жұмысымен ұштастарған ол екі мамандық иесі.

«Бұл кәсіпті бастау ойымда жүрген арман болатын. Соны тек жүзеге асыру үшін жұмыс жасадым. Басында тек бір бума гүл әкеліп сатып бастадым, ұзақ тұрып өліп қала беретін. Жаймендеп халықты үйрету арқылы кәсібім дөңгелей бастады. Туған күн, мереке, той-думан гүлсіз өтпейді десем артық айтқаным емес шығар. Бұл саланың артықшылығы көп, бірі күнделікті табысында болса, екіншісі әйел қауымына қуаныш сыйлай аласыз. Күйбең тірліктен әйел адамы нәзіктігін жоғалтып алып жатады, сол себепті жиі гүл беріп қуантып тұрған дұрыс. Әйел қауымының гүл

алғандағы қуанышын көріп өзім қуанам, - дейді. Жас та болса, кәсіпкерліктің қыр-сырын еркін меңгерген ол бір ғана гүл сатумен шектеліп қалмауды ойластырған. Гүл дүкенінен арнайы ыдыстар, гүлдің топырағын ауыстыру, құнарландыратын қоспаларды табуға болады. Сондай-ақ той, мерекелерге баннер жасау қызметімен де айналысады. Одан бөлек бөлме гүлдерін де сатады. Мереке күндері ғана қасына кемеңші алатын кейіпкеріміз басқа уақытта сәндеу, буу жұмыстарын өзі жасайды. Үйінің жанынан ашқан шағын дүкені аудан тұрғындарының талабына сай қызмет көрсетіп отыр және сыйлықты үйге дейін жеткізіп беру қызметі де барын тілге тиек етті. «Алдағы уақытта үлкен гүлдер дүкенін ашу ойымда бар. Бұйырса бастамасын бастап жатырмыз. Мемлекеттің жастарды қолдау бағдарламалары бар, қазір солардың бірін жүзеге асырып үлкен құрылыс бастап, жұмыссыз жүрген жастарды жұмыспен қамтығым келеді», - деді жас кәсіпкер. Аудан аумағында өтетін іс-шараларға белсенді түрде қатысып отыратын Гүлфия ауданның кәсіпкерлік саласын дамытуға қосқан үлесі үшін бірнеше рет аудан әкімінің марапатына ие болған.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА, Ойыл селосы.

ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕР ҚАНДАЙ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ҮШІН ЖҰМЫС БЕРУШІНІҢ МІНДЕТТІ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАРЫН (ЖМЗЖ) ТӨЛЕУДЕН БОСАТЫЛАДЫ?



Әлеуметтік кодекстің нормаларына сәйкес жұмыс беруші БЖЗҚ-ға төмендегі тұлғалар үшін ЖМЗЖ төлеуден босатылады:

- 1975 жылғы 1 қаңтарға дейін туған адамдар;
- Әлеуметтік кодекске сәйкес зейнет жасына толған адамдар;
- егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар;
- әскери қызметшілер (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қыз-

меткерлері, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім кию құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдар;

- зейнетақы төлемдерін еңбек сіңірген жылдары үшін алушылар;
- Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген лауазымда болу мерзімінің өтуіне байланысты өкілеттіктері тоқтатылған, ай сайынғы өмір бойы қамтуды алатын Қазақстан Республикасы Конституциялық сотының судьялары, ай сайынғы ақшалай қамтуды алатын отставкадағы судьялар. Әлеуметтік Кодек-

сте жұмыс берушілердің міндетті зейнетақы жарналарын тек өз қаражаты есебінен төлеу міндеті нақты айқындалғанын қосымша хабарлаймыз. Салымшылар жарналардың осы түрінің түсуін жарналардың барлық түрлері бойынша ақпарат берілетін жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірмеден көре алады. Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын уақытты және толық төлеуін бақылау Мемлекеттік кірістер комитетіне (МКК) жүктелген. Жұмыс беруші жоғарыда көрсетілген нормаларды бұзған жағдайда, қызметкерге МКК-ге жүгіну керек.

ЗА КАКИХ РАБОТНИКОВ РАБОТОДАТЕЛИ ОСВОБОЖДАЮТСЯ ОТ УПЛАТЫ ОБЯЗАТЕЛЬНЫХ ПЕНСИОННЫХ ВЗНОСОВ РАБОТОДАТЕЛЯ (ОПВР)?

Согласно нормам Социального кодекса от уплаты ОПВР в ЕНПФ освобождается работодатель за:

- лиц, родившихся до 1 января 1975 года;
- лиц, достигших пенсионного возраста в соответствии с Социальным кодексом;
- лиц с инвалидностью первой и второй групп, если инвалидность установлена бессрочно;
- военнослужащих (кроме военнослужащих срочной службы), сотрудников специальных государственных и правоохранительных органов, государственной фельдъегерской службы, а также лиц, права которых имеют специ-

альные звания, классные чины и носить форменную одежду упряднены с 1 января 2012 года;

- получателей пенсионных выплат за выслугу лет;
- судей Конституционного Суда Республики Казахстан, полномочия которых прекращены в связи с истечением установленного Конституцией Республики Казахстан срока пребывания в должности, получающих ежемесячное пожизненное содержание, судей в отставке, получающих ежемесячное денежное содержание.

четко определена обязанность уплаты работодателями обязательных пенсионных взносов исключительно за счет собственных средств. Поступление этого вида взносов вкладчики могут увидеть в выписке с индивидуального пенсионного счета, где представлена информация по всем видам взносов. Контроль за своевременностью и полнотой уплаты обязательных пенсионных взносов работодателем возложен на Комитет государственных доходов. В случае нарушения работодателем вышеуказанных норм, работнику необходимо обращаться в КГД.